**Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 наурыз N 292.

Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, жастар қозғалысының

белсендісі Ғани Мұратбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001-2002 жылдарда республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 157

P010157_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 48-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2001-2002 жылдар кезеңінде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-жолмен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "6 | Ғани Мұратбаевтың 100 жылдығы | Үкімет қаулысы | МАКМ, Қызылорда облысының әкімі | 2002 жылғы маусым" |

2. Қосымшаға сәйкес құрамда Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

3. Қоса беріліп отырған Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 наурыздағы
N 292 қаулысына
қосымша

Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық
және оны өткізу жөніндегі республикалық
комиссияның құрамы

| | |
|---|---|
| Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, төраға |
| Беркімбаева Шәмша Көпбайқызы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төрағаның орынбасары |
| Қалетаев Дархан Аманұлы | - Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Жастар саясаты департаментінің директоры, хатшы |
| Алтынбаев Мұхтар Қапашұлы | - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі |
| Ыдырысов Ерлан Әбілфайызұлы | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі |
| Нұрғисаев Серікбай Өрікбайұлы | - Қызылорда облысының әкімі |
| Тілеухан Бекболат Қанайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы |
| Сариева Рысты Халесқызы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мұрағаттарды және құжаттарды басқару жөніндегі комитетінің төрайымы |
| Жүсіп Нұртөре Байтілесұлы | - "Жас Алаш" газетінің бас редакторы (келісім бойынша) |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 наурыздағы
N 292 қаулысымен
бекітілген

Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Жауапты атқарушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған республикалық конференция өткізу | 2002 жылғы маусым | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қызылорда облысының әкімі |
| 2. | Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары редакторларының қатысуымен республикалық конференция шеңберінде "дөңгелек үстел" өткізу | 2002 жылғы маусым | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қызылорда облысының әкімі |
| 3. | Мерейтойлық тарихи-өмірбаяндық жинақ дайындау және басып шығару | 2002 жыл | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 4. | Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) Ғани Мұратбаевты еске алуға арналған іс-шаралар өткізу | 2002 жылғы маусым | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қызылорда облысының әкімі |
| 5. | Тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру | 2002 жыл | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 6. | Ғани Мұратбаевтың өмірі мен қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетуді қамтамасыз ету | 2002 жыл | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 7. | Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде Ғани Мұратбаевты еске алуға арналған отансүйгіштік | 2002 жыл | Қорғаныс министрлігі |

бағытта іс-шаралар өткізу

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Білім беру ұйымдарында Ғани Мұратбаевты еске алуға арналған сынып сағаттарын, "ержүректік сабақтарын", тақырыптық кештер өткізу | 2002 жыл | Білім және ғылым министрлігі |
| 9. | Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаевтың тарихи-мемориалдық мұражайын жөндеу-жаңғыртудан өткізіп, қорын толықтыру | 2002 жыл | Қызылорда облысының әкімі |
| 10. | Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шараларды ұйымдастыру | 2002 жылғы маусым | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 11. | Қызылорда облысында Ғани Мұратбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған мерейтойлық салтанаттар өткізу | 2002 жылғы маусым | Қызылорда облысының әкімі |

-----------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК